

*Резервтік  
капитал мен  
эмиссиялық  
табыс*

**Резервтік капитал – акционерлік қоғамның және басқа да тараптардың таза табысының есебінен қалыптасатын меншік капиталының бір бөлігі. Резервтік капитал субъектінің негізгі қызметінен алынған залалдарын жабуға және ағымдағы табыс жеткіліксіз болған жағдайда, дивиденттерді төлеуге пайдаланылады. Резервтік капиталды құру және оны пайдалану құрылтайлық құжаттармен және қолданыстағы заңдармен анықталады. Резервтік капитал жарлық капиталымен және басқа да қаражаттармен бірге бухгалтерлік баланстың пассивінде көрініс табады және ол кәсіпорынның меншік капиталы болып табылады.**

**Аудитор резервтік капиталдың қаржылары материалдық көмек көрсетуге және кәсіпорын персоналына еңбек ақы мен сый ақы төлеуге жұмсалатын фактілерге кездесіп қалуы мүмкін. Сондықман аудитор резервтік капиталдың пайдаланылуын барлық орындалған операцияларға талдау жасау жолымен егжей – тегжейлі тексеруге тиісті.**

**Резервтік капиталды құрудың негізгі мақсаты акция құнының төмендеуі тәуекелі туындаған жағдайда жарғылық капиталдың белгіленген мөлшерін ұстап тұру, себебі жарғылық капитал осы резервтер есебінен толып отырады. Резервтік капитал ұйымның мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін екі жыл ішінде қалыптасуы керек.**

Заңдармен белгіленген резервтік капиталдың есебі. Шаруашылық жүргізуші серіктестіктің резервтік капиталы құрылтайшылардың құжаттарында белгіленеді, сондай-ақ белгіленген тәртіп бойынша мемлекеттік тіркеуден өтеді. Жыл сайын түскен таза табыстан аударып отыру акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді. Оның мөлшері жарияланған жарлық капиталдың 15%-нен кем болмауы керек.

Қосымша төленбеген капитал – негізгі құралдарды және ұзақ мерзімді инвестицияларды қайта бағалау нәтижесінде олардың бастапқы құндарының өсу сомасы. Негізгі құралдар мен инвестицияларды қайта бағалау сомаларының нақты бары мен олардың қозғалысы жөніндегі ақпараттарды жинақтау үшін 5320 «Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түсетін қосымша төленбеген капитал», «Инвестицияларды қайта бағалаудан алынған қосымша төленбеген капитал», «Басқа да кативтерді қайта бағалпайдан алынған қосымша төленбеген капитал» шоттары пайдаланылады.